

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 мамырдағы N 414 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 960 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 960 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 32-33, 399-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесінде:

3-тармақтың бірінші абзацы "10-3 (құпия)" деген сөздерден кейін ", 10-4" деген сандармен толықтырылсын;

22-тармақтың бірінші абзацы "10-3 (құпия)" деген сөздерден кейін ", 10-4" деген сандармен толықтырылсын;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 10-4-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 17 мамырдағы
N 414 қаулысына қосымша
Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
10-4-қосымша

"Әскерилендірілген темір жол күзеті" АҚ қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген қару мен оның патрондарының түрлері, үлгілері, модельдері және саны

--	--	--

p/ с N №	Лауазымдар- дың атауы	Қызметтік қару (күзет қызметін жүзеге асырған кездегі)			
		Ойықты		Тегіс ұңғылы қысқа ұңғылы қару (тапанша, револьвер)	Тегіс ұңғылы ұзын ұңғылы қару (мылтық, карабин)
1	2	3	4	5	6
1	Атқыштар командасының бастығы	1			
2	Атқыштар командасы бастығының орынбасары	1			
3	Атқыштар командасының старшинасы	1			
4	Атқыштар тобының бастығы	1			
5	Темір жол көлігімен тасымалданатын жүктерді күзету жөніндегі күзетші	постқа 1		немесе 1	немесе 1
6	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 901 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы-ның мемлекеттік күзетуге жататын объектілері тізбесінің 2-бөлімінің 2-тармағында көрсетілген объектілерден басқа, темір жол көпірлері мен тоннелдерін күзету жөніндегі күзетші		1		
7	Осы қосымшаның реттік нөмірі 5 және 6- жолдарында көрсетілген объектілерден басқа, темір жол көлігі объектілерін күзету жөніндегі күзетші	постқа 1		немесе 1	немесе 1

Қаруға патрондардың нормалары

P/c N №	Қарудың түрі	Қарауылға жарақталған әскерилендірілген темір жол күзетінің жеке құрамы қамтамасыз етіледі	Патрондардың саны, дана		
			Қару бірлігіне патрондардың азайтылмайтын қоры	Патрондардың жылдық шығыны	
				1 күзетшіге оқу мақсатында	бір бірлік қаруға келетін атысты тексеруге
1	Тапаншаға	16 патрон (2 оқжатарда)	32	12	8
2	Револьверге	14 патрон (қораптарда)	28	12	8
3	Винтовкаға, карабинге	15 патрон (оқтізерде)	30	10	8
4	Тегіс ұңғылы қару	5 патрон	5	5	-

Ескерту:

1. Қарудың атысын тексеру үшін көзделген патрондарды басқа мақсаттарда жұмсауға тыйым салынады.

2. Күзеттің барлық түрлерінің қару резерві - қарулануда бар әрбір 10 бірлікке 1 қару бірлігі.

3. Тегіс ұңғылы қаруға арналған патрондар N 7, 8 бытырамен оқталады немесе азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органының нормаларына сәйкес жарақат салатын патрондар пайдаланылуы мүмкін.

4. "Әскерилендірілген темір жол күзеті" АҚ қызметкерлерін темір жол көлігі объектілерінен тыс қаруландыру Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесіне 4-қосымшаның 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.